


АЛТЫН КҮЗДІҢ АСЫЛ СЫЙЫ

Жуырда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Күз сыйы-2009» атты көрменің тұсауы кесілді. Аталмыш шараны кітапхана ішіндегі техникалық және ауыл шаруашылығы әдебиеттер бөлімінің «Наш очаг» клубының мүшелері ұйымдастырды.

Алтын күздің адамзат баласына берген сыйын дәріптеген көрмеге көкөністер, жеміс-жидектер, емдік шөптер мен гүлдер қойылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл көрмеге тек дөмі тіл үйрген тәтті алманың отызға жуық, ал алмұрттың алты түрі ұсынылған. Соңдай-ақ жүзім, өрік, тағы да басқа бау-бақша жидектері мен мәдени өсімдіктердің бірнеше түрлері қойылған. Көрмеге келген көпшілік қауым сан түрлі көкөністер мен жидектерді тамашалаумен қатар оларды күтіп-баптаудың қыр-сырымен де таныс болды. Оларға «Наш очаг» клубында көптен бері жұмыс істейтін З.Давыдова, А.Борисюк, А.Задорожников, В.Добко, Д.Морозкин сынды белсенді бағбандар өз бақшаларының құпиялары мен көкөністерді күтіп, баптаудың жолдары жайында өңгімелеп берді. Сонымен қатар көрмені тамашалаушылар үшін бағбандық өнердің әдіс-



тәсілдері, өсімдіктердің қоршаған ортаға әсері жөнінде жарық көрген биолог ғалымдардың кітаптар көрмесі ұсынылып, ондағы еңбектерге талдау жасалынды. Әбден пісіп-жетілген өсімдік өнімдерін жинап бітіру науқаны -бағбандар қауымы үшін үлкен мереке екені белгілі. Сондықтан да дерумендерге толы өсімдіктердің сандаған түр-түсін қарапайым қауымға таныстыру мақсатында ұйымдастырылған көрме соңы мерекелік концертпен жалғасын тапты.

Нұржайна ШОДЫР,
Суреттерді түсірген
Төлеген НҮРҒАЗЫ.